

Музыка залы әсем безендірілген

Жүргізуші: Қайырлы күн! Қымбатты аналар, ақ жаулықты әжелер, әріптестер! Барлығыңызды көктемнің алғашқы мейрамы 8-наурыз Аналар мерекесімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін дейміз! «**Айгөлек**» тобының «**Жүректің жылуын сыйлайыншы анаға**» атты мерекемізге қош келдіңіздер.

(балалар көңілді әуенмен кіреді)

Жүргізуші:

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті, жан аналар!

Мариям: Айналым ана деген асыл аттан

Шуағын бар әлемге жарқыратқан
Ойнап жүрген құлынын даладағы
Үйде отырып даусынан ажыратқан.

Айзере: Жақсы көрем күлкіңді

Айналайын ақ анам,
Менің анам сүйкімді
Бәріненде жақсы адам.

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Нұрали: Бал-бөбегін баптаған

Мамам үшін мақтанам
Аялайтын біздерді
Көп жасасын жақсы адам.
Күнде осылай шыдамай
Қарсы аламын өзінді
Құшақтаймын қуана
Ең әдемі адамды.

Аян: Мәпелейсің мені анам

Қолындағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам
Құшағында қысылмай.
Жылылықтан жаралған
Құшағы оның таңмекен
Менің айдай анамнан
Асқан сұлу бар ма екен.

Жүргізуші:

Арұ - Ана өмірдің асылдары,
Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.
Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,
Сендер үшін мереке шашулары, - дей отырып тамаша әнді қабыл алыңыздар.

Ән: «**Айтсан болды тіл алам**»

Қуыршақ (қонаққа қуыршақ келеді) балалармен амадасып, балаларға ойын ойнауды ұсынады)

Ойын: «**кім бірінші гүл сыйлайды**»

Жүргізуші: Қуыршақ біздің де балалардың саған арнаған әнің қабыл ал Орындайтын: Қуанбаева Амина, Мариям, Айзере

Ән: «**Қуыршақ**»

(Қуыршақ қоштасады)

Жүргізуші:

Ақ қар еріп, су көбейіп
Сай салада ағады
Бүршік шашып.
Жапырақ ашып
Гүл бәйшешек басады...
Айтындаршы бөбектерім Бұл қай кезде болады?

Балалардың жауабы: Көктемде!

Жүргізуші: Олай болса балалар, Көктем мезгілін қарсы алайық.
Есік қағылып Ару көктем кіріп келеді.

Ару көктем:

Мен көңілді көктеммін,
Былтыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың
Түбіне тал екенмін.
Гүл боп қырда егілем,
Дән боп жерге себілем.
Жаңбыр болып жауам да,
Нұр боп көктен төгілем.
Шуағын төгіп әлемге
Жылуын күннің әкелем.
Табиғаттын төсіне тіршілігін сыйлаймын.

Жүргізуші:

Амансын ба, Ару көктем? Улан-байтақ жерімізге қош келдіңіз.
Шуағынды шаттандырып, нұрынды мол төге бер. Ал, Ару көктем біздің
балаларымыздың сізге сыйлық ретінде дайындаған тақпақ, әндері мен билері бар, соны
қабыл ал.

С.Мүсілім: Көктем күні керемет

Жаңбыр жауар себелеп
Күн ашылса болғаны
Көлдендейді көбелек.
Бар табиғат нәр алып
Шыға келер жаңарып
Қызғалдақ боп құлпырып
Көктем біздің балалық.

Айсұлтан: Құтты болсын осы шаттық күніміз

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз
Қуанышты жүзіңізбен әр дайым
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз

Ясмина: Бізді өсірген анашым

Еңбегін де зор екен
Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекен

Жүргізуші:

Десек те уақытпен жарыспайды,
Қиялға қиялменен қарыштайды.
Балалар шын жүректен тебіреніп,
Өнерін аналарға сыйлайды,-дей отырып, балалардың орындауында «Су тасушы қыз»
әнің ұсынамыз.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Ал енді анамызға ақ тілектерімізді одан әрі
жалғастырайық

Сержан: әр сөзімді жаттаған

Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
айналайын ақ анам

Байбек: Ана біздің гүліміз

Ана біздің күніміз
Анамыздан тарайды
Біздің ана тіліміз

Бейбарыс: Аппақ мамам, ақ мамам

Ақ мамам деп шаттанам
Түн ұйқынды төрт бөліп
Бөпешім деп жатпаған

Ерасыл: Әлпештеген баласын

Ана бақыт ана күн
Кім болсада қашанда
Мақтан тұтар анасын
Сенен өскен адамдар

Батырлармен даналар
Мерекенмен құттықтап
Ыстық сәлем жолдайды
Мына отырған балалар

Арсен: Ерлік еткен біз үшін

Еңбек еткен біз үшін

Еркелеткен біздерді

Еркіндеткен біздерді

Анамызға мың алғыс

Жүргізуші:

Бишілер бар бізде ұлдар тобы,
Мерекеге өнерімен келген бүгін.

Таң қалдырып, қанекей би билеші,

Қол соғып, демеу берсе көрермендер! - деп кезекті «Айгөлек» тобының байсалды да
байыпты биші жігіттерді ортаға шақырамыз

Би «Джентельмендер»

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! «Қариясы бар үйдің қазынасы бар»- деп халқымыз
сыйлап құрметтеген ардақты әжелерімізді де ерекше атап, мерекелерімен құттықтаймыз.
Әжелерімізге арнап жырдан шашу шашайық. Мерекелеріңіз құтты болсын!»

Шалқып, тасып әніміз

Жадырасын жанымыз,

әже, сізді құттықтап,

Әндетеміз бәріміз.

Ән: «Әже»

Жүргізуші: әжелерімізге арналған тақпақтарымызды айтайық

Ұ. Мүсілім: С пардником веселым

С праздником весны

Всех на свете бабушек

Поздравляем мы

Раяна; Алтын әжем ол менің

Мені жақсы көреді

Үйретеді өленің

Ертегі айтып береді

Шай қайнатып берейін

Шекер салып жан әжем

Өзім құйып беремін балдай тәтті жан әжем

Айдана: әже деген көп шығар

Әжедейі жоқ шығар

Мейірімді бұл кісі

Қандай ғажап күлкісі

Көктем: (Аналармен ойын ұйымдастыру)

Ойын «бір бірін табу»

Жүргізуші

Ару — Ана өмірдің асылдары,

Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.

Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,

Сендер үшін мереке шашулары—деп ортаға «Оркестр» тобын шақырамыз.

Жүргізуші: Осымен құрметті аналар, әжелер

«Жүректің жылуын сыйлайыншы анаға»

Атты мерекелік шарамыз аяқталды!

Келесі кездескенше сау-сәлеметте болайық

